

**Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 126 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 желтоқсанда № 7376 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2021 жылғы 27 тамыздағы № 58 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 27.08.2021 № 58 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 19-1-бабының 3) тармақшасына "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қамысты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*А. Ахметжанов*

*Қамысты аудандық*

*мәслихат хатшысының*

*міндетін атқарушы*

*Б. Козлов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Қамысты ауданы әкімдігінің  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,  
жолаушылар көлігі және автомобиль  
жолдары бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Ж. Баймұрзин

2017 жылғы 29 қараша

Аудандық мәслихаттың  
2017 жылғы 29 қарашадағы  
№ 126 шешімімен бекітілген

**Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес әзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – иесіз қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Иесіз қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқаруды Қамысты ауданының әкімдігімен (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырылады.

4. Иесіз қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы органымен комиссия құрылады (бұдан әрі – Комиссия).

Иесіз қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын орган ретінде "Қамысты ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық шаруашылық саласында қызметті жүзеге асыруға уәкілеттілік берген және тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемесі болып белгіленеді.

5. Иесіз қалдықтарды басқару – бұл иесіз қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

## **2. Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі**

6. Иесіз қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану " Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Талап етілмеген иесіз қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы органымен Комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Иесіз қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Иесіз қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан, жойылғаннан кейін иесіз қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

### **3. Қорытынды ережелер**

10. Иесіз қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК